

Еуропалық Одақ (ЕО) және Орталық Азия елдерінің арасындағы "Жаңа әріптестік стратегиясының" басымдықтарына сәйкес келетін салалардағы Қазақстан Республикасы мен ЕО арасындағы 2007 - 2013 жылдарға арналған ынтымақтастықты дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 3 сәуірдегі N 77-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы N 77-ө Өкімімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2012.01.17. N 77-ө Өкімімен.

Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы 2007 - 2013 жылдарға арналған ынтымақтастықты дамыту мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Еуропалық Одақ (бұдан әрі - ЕО) және Орталық Азия елдерінің арасындағы "Жаңа әріптестік стратегиясының" басымдықтарына сәйкес келетін салалардағы Қазақстан Республикасы мен ЕО арасындағы 2007 - 2013 жылдарға арналған ынтымақтастықты дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары мен мүдделі ұйымдар:

1) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде тиісті шаралар қ а б ы л д а с ы н ;

2) жылына екі рет 20 маусымға және 20 желтоқсанға Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жарты жылдықтың қорытындылары бойынша жылына екі рет 5 қаңтарға және 5 шілдеге Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

Премьер-Министр

К.Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

3

с ә у і р д е г і

N

7 7 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

**Еуропалық Одақ (ЕО) және Орталық Азия елдері арасындағы
"Жаңа әріптестік стратегиясының" басымдықтарына сәйкес
келетін салаларда Қазақстан Республикасы мен арасындағы
2007 - 2013 жылдарға арналған ынтымақтастықты дамыту
жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Р / с N	Іс-шара	Мерзімі	Атқаруға жауаптылар
1	2	3	4
1. Саяси диалог			
1.	"ЕО Үштігі - Орталық Азия елдері" жоғары деңгейдегі кездесулерді өткізу	Тұрақты	СІМ
2.	Бейіндік министрліктер аясындағы»ЕО Үштігі - Орталық Азия елдері диалогы шеңберіндегі жоғары деңгейлі кездесулер өткізу	Тұрақты	СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар
3.	"ЕО Үштігі - Орталық Азия елдері" диалогы шеңберінде ведомствоаралық сараптама-лық жұмыс тобын құру және оның қызметін ұйымдастыру	2008 жылғы I жарты жылдық	СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар
4.	Бірлескен өзара іс-қимыл органдары шеңберіндегі Орталық Азия бойынша ЕО стратегиясының басым жобаларын іске асыру жөнінде еуропалық тараппен бірлесіп "жол карталарын" әзірлеу	2008 жыл	СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар
2. Энергетикалық диалог			
5	Қазақстан Республикасының мынадай бірқатар перспективалық халықаралық жобалардың іске асырылуына қатысуы: "Бургас-Александрополис" мұнай құбырының жобасымен тығыз байланыс жасай отырып Каспий Құбыр Консорциумы мұнай құбырының өткізу қабілетін кеңейту жобасы	Мәселенің шешілуіне дейін	Э М Р М , "КазМұнайГаз" ҰК" АҚ (келісім бойынша)
6.	ИНОГЕЙТ Мемлекетаралық жоба шеңберіндегі ынтымақтастық	Тұрақты	ЭМРМ, "КазМұнайГаз" ҰК" АҚ (келісім бойынша)
7.		Тұрақты	Э М Р М , "КазМұнайГаз"

	Энергетикалық Хартия үдерісінің шеңберіндегі ынтымақтастық		ҰҚ" АҚ (келісім бойынша)
8.	Мұнай-газ кешенінің өзекті мәселелері бойынша дөңгелек үстелдер, конференциялар, семинарлар мен тренингтер өткізу	Тұрақты	Э М Р М , "КазМұнайГаз" ҰҚ" АҚ (келісім бойынша)
9.	ТРАСЕКА Үкіметаралық комиссияның отырыстарына қатысу	Жыл сайын	ККМ
10.	ТРАСЕКА елдеріндегі жүк ағынын талдау және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен ЕО елдері арасындағы өңіраралық көлік диалогы	2007 - 2008 жылдар	ККМ
11.	ЕО-ның және Қазақстан Республикасының жетекші сарапшыларымен алмасу, мұнай-газ саласындағы өзара тағылымдамаларды қамтамасыз ету	Тұрақты	Э М Р М , "КазМұнайГаз" ҰҚ" АҚ (келісім бойынша)
3. Экономикалық дамуға, сауда мен инвестицияларға жәрдемдесу			
12.	Тез бұзылатын тамақ өнімдері және осыларды тасымалдауға арналған көлік құралдары туралы келісім шеңберінде Қазақстанда, Қырғыз Республикасында, Тәжікстанда, Өзбекстанда және Түрікменстанда тез бұзылатын өнімдерді тасымалдау үшін жабдықтарды сертификаттау орталықтарын дамыту	2007 - 2008 жылдар	ККМ
	Бәсекелестікті қорғау мәселелері бойынша ЕО-ға техникалық көмек шеңберінде мынадай оқыту семинарларын өткізу : 1) стратегиялық және құқықтық құжаттарды дайындау, әзірлеу және қолдану; 2) ЕО елдерінде заңнаманы жасау кезінде пайдаланылатын заңнама техникасының негізгі тәсілдері, әдістері мен құралдары; 3) ЕО елдерінде монополияға қарсы заңнаманы бұзуларға		

13.	<p>тергеу жүргізудің жалпы қағидаттары (сөз байласу, үстемдік жағдайын асыра пайдалану, монопольдік жоғары бағаны белгілеу және т.б.);</p> <p>4) экономикалық шоғырлануға арналған қолдаухатты қарау жөніндегі еуропалық елдердің тәжірибесі;</p> <p>5) заңнамалық техника және оның тиімді заңнама үшін маңызы;</p> <p>6) нарықтардың тауарлық және географиялық шекараларын анықтау жөнінде ЕО елдері монополияға қарсы органдарының тәжірибесімен алмасу;</p> <p>7) ЕО елдерінің үлгісінде сөз байласуын анықтау және дәлелдеу</p>	2008 жыл	ИСМ
14.	<p>ЕО-ға техникалық көмек шеңберінде техникалық реттеу мәселелері жөнінде мынандай шаралар өткізу:</p> <p>1) стандарттау саласында нормативтік құжаттармен және техникалық регламенттермен (директивалармен) өзара алмасу;</p> <p>2) мәтіндердің дәлдігін сақтау мақсатында нормативтік құжаттарды және техникалық регламенттерді (директивтерді) шет тілінен мемлекеттік және орыс тілдеріне аудару кезінде көмек көрсету;</p> <p>3) техникалық реттеу және метрология саласында тәжірибе алмасу;</p> <p>4) оқыту және семинарларды өткізу және т.б.</p>	Тұрақты	ИСМ
15.	<p>Бірлескен өңірлік инвестициялық құрылымды жасауға Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Еуропалық инвестициялық банкті және Еуропалық инвестициялық қорды тарту</p>	Мәселенің шешілуіне дейін	ИСМ, ЭБЖМ
	<p>Демпингке қарсы тергеулер және қорғану шараларын қол-</p>		

16.	дану саласында ЕО тәжірибесін зерделеу мақсатында Қазақстан Республикасына арналған ЕО семинарларын өткізу	2008 - 2013 жылдар	ИСМ
17.	Қызметтің транспаренттілігін арттыру, мемлекеттік даму институттарының нарықтық бағдарлануы бөлігінде, сондай-ақ мемлекеттік даму институттарын жекешелендіру саласында Еуропалық даму банкінің тәжірибесін зерделеу	Тұрақты	"Қазына" ОДҚ" АҚ (келісім бойынша)
18.	Ұлттық даму институттарының жарғылық капиталдарына қатысу жолымен инвестор ретінде Еуропалық қайта құру және даму банкі тарту	Тұрақты	"Қазына" ОДҚ" АҚ (келісім бойынша)
19.	Корпоративтік басқару органдарына тәуелсіз директорлар ретінде қатысу үшін жоғары кәсіби шетелдік менеджерлерді тарту	Тұрақты	"Қазына" ОДҚ" АҚ (келісім бойынша)
4. Құқық үстемдігі, тиісінше мемлекеттік басқару, демократияландыру және адам құқықтары			
20.	Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін әзірлеу және заңнамасын талдау саласында ЕО-мен ынтымақтастық үшін ЕО және Орталық Азия елдерінің жетекші эксперттерімен алмасу, өзара тағылымдамаларды қамтамасыз ету, халықаралық конференциялар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру әрі оларды қаржыландыру	Тұрақты	Әділетмині, БП (келісім бойынша)
21.	Тәжірибе алмасу мәселелерін қоса алғанда, ЕО-ға мүше мемлекеттер мен Орталық Азия елдерінің адвокаттары, нотариалдық қоғамдастықтары арасында қарым-қатынастар орнату және дамыту жөніндегі бағдарламаларды құқық үстем-	Тұрақты	Әділетмині

	дігі бойынша бастамашылықтар шеңберінде әзірлеу		
22.	Бас бостандығынан айыру орындарында адам құқықтарын сақтау, сондай-ақ ЕО-ның қылмыстық жазалардың орындалу мәселесі жөніндегі тәжірибесін зерделеу саласында жалпыға бірдей танылған халықаралық құқық нормаларын және халықаралық шарттарды ЕО-ға мүше-мемлекеттер және Орталық Азия елдерінің қолдану мәселелері бойынша ЕО-мен ынтымақтастық орнату	Тұрақты	Әділетмині, АҚҰО (келісім бойынша), БП (келісім бойынша)
23.	Еуропалық сот сараптамасы академиясының (ENAFSI) құрамына Қазақстан Республикасының сот сараптамасы институтын қосу үшін өтінім беру мақсатында қажетті құжаттарды дайындау және ұсыну	2008 - 2011 жылдар	Әділетмині
24.	ЕО және Орталық Азия елдер жетекші сарапшыларымен алмасу, адам құқықтарын сақтау саласындағы жалпыға бірдей танылған халықаралық құқық нормаларын және халықаралық шарттарды қолдану мәселелері бойынша өзара тағылымдамалармен қамтамасыз ету	Тұрақты	Әділетмині, БП (келісім бойынша)
25.	ЕО-ға мүше мемлекеттер мен Орталық Азия елдерінің сот қоғамдастықтары арасында өзара қарым-қатынастарды жоғары деңгейде ұстау және өзара мүддені білдіретін мәселелер бойынша тәжірибе алмасу	Тұрақты	ҚР ЖС (келісім бойынша), СІМ
26.	Тәжірибені зерделеу, біліктілікті арттыру және құқықтық ақпарат алмасу мақсатында өзара сапарларды ұйымдастыруды қоса алғанда, сот органдарының қызметкерлері арасында байланыстар орнату және оны дамыту	Тұрақты	ҚР ЖС (келісім бойынша)
	Соттық әкімшіліктендіруде инновациялық технологиялар-		

27.	ды пайдалану бойынша сараптама-консультациялық көмек көрсетуде жәрдемдесу	Тұрақты	ҚР ЖС (келісім бойынша)
28.	Жоғарғы Соттың Сот зерттеулері орталығы үшін сараптама-консультациялық көмек беру, ұқсас шетелдік орталықтардың тәжірибелерін зерделеу, ЕО сарапшыларының қатысуымен бірлескен ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізу	Тұрақты	ҚР ЖС (келісім бойынша)
29.	Құқық үстемдігі, тиісінше мемлекеттік басқару, демократияландыру және адам құқықтары мәселелері жөнінде конференциялар мен семинарлар өткізу және оның жұмысына соттар мен сот қызметкерлерінің қатысуы	Тұрақты	ҚР ЖС (келісім бойынша)
30.	Мемлекеттік органдардың мемлекеттік басқару стандарттарын сақтауды бақылау саласындағы адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекемелердің құқық қорғау функцияларын пайдалану мәселелерін қозғайтын, ынтымақтастық орнату, құқық қорғау мекемелерінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде әкімшілендіру жүйесін жетілдіру	2007 - 2008 жылдар	АҚҰО (келісім бойынша), ҚР ЖС (келісім бойынша), БП (келісім бойынша)
31.	Қазақстандағы омбудсмен мекемесінің институционалдық мүмкіндіктерін одан әрі нығайтуға бағытталған жобаларды әзірлеу және іске асыру мақсатында байланыстар орнату және оны дамыту	2007 - 2008 жылдар	АҚҰО (келісім бойынша), ҚР ЖС (келісім бойынша)
32.	Адам құқықтары мен еркіндігін қорғау және көтермелеу саласындағы өзекті мәселелер бойынша конференциялар, семинарлар, тренингтер өткізу	Тұрақты	БП (келісім бойынша), АҚҰО (келісім бойынша), ҚР ЖС (келісім бойынша)
33.	Халықаралық сарапшылардың адам құқықтарын қорғау мәселелері бойынша қызметтер көрсетуіне жәрдемдесу, бойынша жетекші еуропалық білім беру орталықтарында	Тұрақты	

	Адам құқықтары бойынша уәкілеттік берілген офис қызметкерлеріне білім беру		АҚҰО (келісім бойынша)
5. Білім беру және кәсіби дайындық			
34.	Студенттермен, магистранттармен, докторанттармен, оның ішінде "Болашақ" бағдарламасы мен ЕО стипендиялары шеңберінде алмасу	Тұрақты	БҒМ
35.	Қазақстандық оқытушылардың ЕО елдерінде тағылымдамадан өтуі	Тұрақты	БҒМ
36.	ЕО құрылымдарының ЖОО-да жана білім беру бағдарламаларын енгізуге қатысуы (әзірлеу, сараптама)	Тұрақты	БҒМ
37.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарының, өздерінің ұқсас шет елдердегі әріптестерімен ынтымақтастығын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы мен ЕО мемлекеттерінің қорғаныс ведомстволары деңгейінде (Ұлыбритания, Франция, Германия Федеративтік Республикасы) екіжақты консультациялар өткізу	2008 жылдың 1 жартыжылдығы	ҚорМ
38.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарының, өздеріне ұқсас шет елдердегі әріптестерімен ынтымақтастығын дамыту мақсатында әскери оқу орындары өкілдерін сапарлары барысында ақпараттық алмасуды жүзеге асыру	2008 жылдың 2 жартыжылдығы	ҚорМ
39.	Әскери оқу орындардың ынтымақтастығын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ЕО мемлекеттерімен (Ұлыбритания, Франция, Германия Федеративтік Республикасы) екіжақты әскери және ғылыми ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеу	2008 жылдың ішінде	ҚорМ
	Әскери оқу орындарын ынтымақтастығын дамыту мақсатында, екіжақты әскери және	Ынтымақтастық бағдарламаларында	

40.	ғылыми ынтымақтастық бағдарламалары бойынша шараларды іске асыру	қарастырылған мерзімдерге сәйкес	ҚорМ
41.	ЕО әскери оқу орындарында қазақстандық әскери кадрларды дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының қорғаныс ведомстволары мен ЕО елдері деңгейінде (Ұлыбритания, Франция, Германия Федеративтік Республикасы) екіжақты консультациялар	Жыл сайын	ҚорМ
42.	ЕО елдерінің әскери оқу орындарында қазақстандық кадрларды даярлау саласындағы саласындағы екіжақты ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеу	Жыл сайын	ҚорМ
43.	ЕО елдерінің әскери оқу орындарында қазақстандық кадрларды даярлау саласындағы ынтымақтастық бағдарламалары бойынша іс-шараларды іске асыру	Ынтымақтастық бағдарламаларында қарастырылған мерзімдерге сәйкес	ҚорМ
44.	Қазақстан Республикасының және ЕО мемлекеттері қорғаныс ведомстволары деңгейінде (Ұлыбритания, Франция, Германия Федеративтік Республикасы) ЕО қарулы күштері өткізетін жаттығуларға қазақстандық әскери қызметкерлердің тұрақты қатысуы үшін екіжақты консультациялар	2008 жылдың 1 жартыжылдығы	ҚорМ
45.	Қазақстандық әскери қызметшілердің ЕО қарулы күштері өткізетін жаттығуларға тұрақты қатысуы үшін ынтымақтастықтың екіжақты жылдық бағдарламаларына әзірленген шараларды енгізу	Жыл сайын	ҚорМ
46.	Қазақстандық әскери қызметшілердің ЕО қарулы күштері өткізетін жаттығуларға тұрақты қатысуы үшін ынтымақтастықтың екіжақты бағдарламалар бойынша шараларды іске асыру	Ынтымақтастық бағдарламаларында қарастырылған мерзімдерге сәйкес	ҚорМ
	Қазақстанның туристік орталықтарында тренингтік мекемелерді құру мақсатында		

47.	"Еуропалық білім беру бастамасы" жобасының шеңберінде ынтамақтастықты дамыту	2008 - 2009 жылдар	ТСМ, СІМ
48.	"Еуропалық білім беру бастамасы" жобасының шеңберінде студенттер, магистранттар, докторанттардың тағылымдамаларын және туризм мен спорт саласындағы жоғары оқу орындар оқытушыларының тәжірибе алмасуын жүзеге асыру	2007 - 2008 жылдар	БҒМ, ТСМ, СІМ
49.	"Оңтүстік сақина" мемлекеттерінде әуе көлігінің диспетчерлері үшін тренинг жүргізу	2007 - 2008 жылдар	ККМ
50.	Техникалық және кәсіби оқу орындарын, су шаруашылығы және мелиорациялық профильді жоғары оқу орындарын қазіргі заманғы суару құрал-жабдықтармен, оған қоса монтаж және жөндеу жұмыстарымен (насосық станция, ірі және ұсақ тазарту фильтрлері, автоматика, үлестіргіш, тамызғыш және жаңбырлы желілер, автоматизациялық метеостанция, ылғалдық датчиктері, сервер, бағдарламалық қосымшалар (ПО), суарылатын жерлердің мелиорациялық жағдайын тексеретін басқа сыртқы және лабораториялық жабдықтар) жабдықтаудағы техникалық көмек, GPS	2008 - 2013 жылдар	АШМ, БҒМ
51.	Орталық Азия мемлекеттерінің зияткерлік меншік бөлімшелерінің қызметкерлері үшін ЕО мамандарының тікелей қатысуымен біліктілікті арттыру курстарын жүргізетін Зияткерлік меншік академияларын құру	2007 - 2011 жылдар	Әділетмині
52.	Еуропалық мамандандырылған оқу орындарында қазақстандық сот қазыларын даярлау және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ететін Мемлекеттік басқару академиясындағы Әділет институтының профессорлік-оқытушы құрамының, магистранттарының, тыңдау-	2007 - 2008 жылдар	

	шыларының тағылымдамаларын жүзеге асыру		ҚР ЖС (келісім бойынша)
6. Қоршаған орта және су ресурстары			
53.	Орнықты даму үшін білім беру саласында көмек көрсету	2007 - 2008 жылдар	Қоршағанортамині
54.	Қазақстан Республикасы, Еуропалық Комиссия мен Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы арасында Орталық Азияның өңірлік экологиялық орталығының (РЭЦА) жұмыс жасау шарттары туралы келісімге өзгерістерді енгізу	2008 жылдың I жартыжылдығы	Қоршағанортамині
55.	Халықаралық нормалар мен стандарттарға сай қазақтандық табиғатты қорғау заңдардың үйлесімділігін қамтамасыз ету	2007 - 2008 жылдар	Қоршағанортамині
56.	Экожүйелік әдістеме негізінде Орталық Азия елдерінің орнықты трансөңірлік дамуы үшін жағдай туғызу	2007 - 2009 жылдар	Қоршағанортамині
57.	Өңірлік экологиялық мәселелерді шешу үшін, трансшекаралық орнықты даму аймақтарын қалыптастыру	2007 - 2010 жылдар	Қоршағанортамині
58.	Өндіріске экологиялық таза, серпінді және ресурс сақтаушы технологияларды енгізу	2007 - 2009 жылдар	Қоршағанортамині
59.	Астана қаласында Еуразиялық су орталығын құруда Қазақстан Республикасына көмек көрсету	2007 - 2013 жылдар	Қоршағанортамині
60.	Қазақстан Республикасында жаңғырмалы қуат көздері бойынша инновациялық жобаларды шығару үшін Орталықты құруда көмек көрсету	2007 - 2010 жылдар	Қоршағанортамині
61.	"Еуропа үшін қоршаған орта" атты 7-ші жалпыеуропалық қоршаған орта министрлерінің конференциясы	2011 жыл	Қоршағанортамині
62.	Негізгі трансшекаралық өзендер бойынша халықаралық бассейн Кеңестерін құру	2013 жыл	АШМ
63.	Орталық Азия елдерінде су сақтаушы технологияларды енгізуді іске асыру кезінде техникалық көмек көрсету	2008 - 2013 жылдар	АШМ

64.	Орталық Азия елдерінің суармалы жерлерін өсірілетін ауыл шаруашылығы өнімдері нарығын олардың мейлінше бәсекеге қабілетті түрлерін айқындау немесе олардың жаңа түрлерін өндіру бойынша ұсыныс жасау мақсатымен зерттеулер жүргізу	2008 - 2013 жылдар	АШМ
65.	Су ресурстарын ұтымды және кешенді түрде пайдалану мәселелері жөнінде бірлескен семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдерді өткізу	Тұрақты	АШМ
7. Ортақ қауіптерге және проблемаларға қарсы күрес			
66.	ВОМСА бағдарламасы шеңберінде кешенді шараларды жүзеге асыру	Тұрақты	ПМ, Қаржымині, ҰҚК (келісім бойынша)
67.	CADAP бағдарламасы шеңберінде кешенді шараларды жүзеге асыру	Тұрақты	ПМ, Қаржымині, ҰҚК (келісім бойынша)
68.	"Ортақ қауіптер және проблемаларға қарсы күрес" стратегиясын бағыттау жөнінде семинарлар, дөңгелек үстел, конференцияларды өткізу	Тұрақты	ПМ, ҰҚК (келісім бойынша), ЭСЖКА (келісім бойынша), СІМ, Қаржымині, БП (келісім бойынша)
69.	ЕО елдері тарапынан оқу немесе ортақ қауіптер мен қатерлерге қарсы күрес бойынша өзге де материалдармен қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін көмек мүмкіндіктерін пысықтау	2008 жыл	ПМ, ЭСЖКА (келісім бойынша), СІМ, Қаржымині, БП (келісім бойынша)
70.	Шекараларды басқару, терроризмге, есірткі тасымалдауға, ұйымдасқан қылмысқа және заңсыз көші-қонға қарсы күрес мәселелеріне арналған халықаралық ғылыми-тәжірибе конференцияларды өткізу	Тұрақты	ПМ, ҰҚК (келісім бойынша), ЭСЖКА (келісім бойынша), Еңбекмині, СІМ, БП (келісім бойынша)
71.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөнінде	Тұрақты	ЭСЖКА (келісім бойынша), МҚА (келісім бойынша), Әділетмині,

	бірлескен семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар өткізу		СІМ, БП (келісім бойынша)
72.	Жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы озық тәжірибемен алмасу	Тұрақты	ЭСЖКА (келісім бойынша), МҚА (келісім бойынша), Әділетмині, СІМ, БП (келісім бойынша)
73.	Жемқорлыққа қарсы конвенцияларға қосылу	2008 жылдың I-тоқсаны	ЭСЖКА (келісім бойынша), БП (келісім бойынша)
8. Мәдениетаралық диалог			
74.	Тіл саясаты саласында жүйелі зерттеу мен Қазақстанға халықаралық тәжірибені енгізу үшін Қазақстанның ЕО елдерімен ынтымақтастық халықаралық орталығын құру	2008 - 2010 жылдар	МАМ, СІМ
75.	"Мұсылмандар әлемі - Батыс" диалогы шеңберінде сыртқы істер министрліктері деңгейінде кездесулер өткізу	2008 жылғы қазан	СІМ

Ескертпе. Аббревиатуралардың толық жазылуы:

- СІМ - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- ЭМРМ - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
- ЭБЖМ - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
- ККМ - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі
- ИСМ - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі
- Әділетмині - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
- АҚҰО - Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық
- БҒМ - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
- ҚорМ - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі
- ТСМ - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі
- АШМ - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
- Қоршағанортмині - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
- ІІМ - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
- Қаржымині - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

ҰҚК - Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ЭСЖКА - Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі(Қаржы полициясы)
БП - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы
Еңбекмині - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
МҚА - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
МАМ - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
ҚР ЖС - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты
"Қазына" ОДҚ" АҚ - "Қазына" орнықты даму қоры акционерлік қоғамы
"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ
ЖОО - Жоғары оқу орны
ИНОГЕЙТ - Еуропаға мұнай мен газды мемлекетаралық тасымалдау
ТРАСЕКА - Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізі
ВОМСА - Шекраларды басқару бойынша Орталық Азия елдері үшін бағдарламасы
САДАР - Орталық Азия есірткі бойынша іс-қимыл бағдарламасы